

**«Дала уалаяты» газетіндегі әдебиет
мәселелері, «Айқап» журналы, «Қазақ»
газеті және әдеби сын**

Орындаған: Турсынбек

Ш.Т

Тексерген: Сетимова А.Т

Ақтөбе, 2018 жыл

«Дала уалаяты»

1888 жылдың 1-қаңтарынан 1902 жылдың 12-сәуіріне дейін Омбы қаласында қазақ, орыс тілдерінде "Акмолинские областные ведомоства" газетіне қосымша ретінде шығып тұрған ресми газет.



Газеттің басты мақсаты — жергілікті халықты үкімет жарлықтарымен таныстырып отыру. Қазақшасының редакторлары — Ешмұхамед Абылайханов пен Дінмұхамед Сұлтанғазин.

басылған шығармалар мазмұны.


Бұл газеттегі басылған шығармалар түрі, құрылымы, жанры жағынан алуан түрлі. Оларды 19 ғасырдың аяқ шеніндегі қазақ әдебиетінің тарихы, идеялық мотивтері, тақырыптары, көркемдік ерекшеліктері және орыс әдебиетінің игілікті әсері тұрғысынан алып жан-жақты зерттеуге де болады.

Мысалға « Әйел» деген атты мақаласы, « Құс кеңесі», « Байғыз», « қазақ сөзін жазу турасы», « Бақытты молда» т.б. шығармалары аса үлкен орын алған.

«Айқап» журналы

«Айқап» - қоғамдық-саяси және әдеби журнал.

1911-1915 жылдары Троицк қаласында басында айына бір рет, кейіннен айына екі рет шығып тұрған. 1-2 мың данамен 88 нөмірі жарық көрген. Алғашқы редакторы - **М.Сералин.**



Ташкентте чыгарылган
1911-жылғы 10-сентябрь

Армаз Нурбаева, Казимов, Казимов, Казимов.
Роды, Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Арка, Ташкент, Ташкент.

1907-жылғы 2-том, Ташкент, Ташкент.
Доманг, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.

Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.

Ташкент, Ташкент, Ташкент.
1911-жылғы 10-сентябрь

Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.

Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.
Ташкент, Ташкент, Ташкент.

Ташкент, Ташкент, Ташкент.

Айкаптың 1911 жылғы 1

саны

«Айқап»-қазақтың қоғамдық санасының оянуына және ұлттық мәдениеттің дамуына үлкен үлес қосқан. Журналда қазақ ауылдарындағы оқу-ағарту жұмыстары, әйел теңдігі, отырықшылық өмір салтына көшу, сонымен қатар Мемлекеттік Думаға қатысу жөніндегі саяси мәселелер көтерілді. Журналды шығару жұмыстарына **Ә. Ғалимов, С. Торайғыров** қатысқан. Журналда **А. Байтұрсынұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Б. Майлин, Б. Өтетілеуов, С. Көбеев, Н. Құлжанов**, т.б. сияқты белгілі жазушылар белсенді қызмет атқарған. Абай, Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин өлеңдерімен қатар халық ауыз әдебиетінің шығармалары, шығыс, орыс және еуропа әдебиетінің туындылары жарияланған.

«Айқапты» біртұтас қазақ руханиятының құбылысы ретінде, бұрынғыдай тапқа бөлмей, шындап зерделеу еліміздің егемендігімен бірге басталды. Журнал жарияланымдарының энциклопедиялық тұрғыда жеке кітап (Энциклопедия «Айқап». – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995) болып мазмұндалып шығуы – тәуелсіздік жылдарындағы үлкен әдеби-ғылыми жетістік.

Айқаптың”, жатшысы болып 1911-1912 жылдары Әкірам Ғалимов, 1913-1914 жылдары Сұлтанмахмұт Торайғыров істеді. Қызметкер, тілші, автор болып Жиһанша Сейдалын, Спандияр Көбеев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Малин, Сәбит Дөнентаев, Бақытжан Қаратаев, Молдағали Жолдыбаев, Бекмырза Бекжанов, Нұралдин Айтмұқанов, Есенғали Хасаболатов, т.б. қатысты.

«Қазақ» газеті және әдеби

СЫН

«Қазақ» газеті — 1913—1918 жылдары Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым. № 1 номері 1913 жылы 2 ақпанда шыққан

«Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырушы, редакторы — Ахмет Байтұрсынұлы, оның өкілетті өкілі М. Дулатұлы болды. 1918 жылы газетті Жанұзақ Жәнібекұлы басқарды. Басылымда А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, М. Дулатұлы, М. Шоқай, М. Тынышбайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Ғ. Қараш, Р. Мәрсеков, Ж. Тілеулин, Ғ. Мұсағалиев, М. Жұмабаев, Х. Болғанбаев, Х. Ғаббасов, Ж. Ақпаев, Ж. Сейдалин, С. Торайғыров, А. Мәметов, С. Дөнентайұлы, Х. Досмұхамедұлы т.б. авторлардың мақалалары жарияланып тұрды.

ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ «ҮСТЕМДІГІ»

Тарихи деректерге қарағанда, «Қазақ» деген атаумен қазақ газетін шығаруға ресми рұқсат Ахмет Байтұрсынұлына 1905 жылғы желтоқсанның 9-ы берілген. Ал апталық «Қазақ» газетінің алғашқы саны 1913 жылғы ақпанның 2-сінде жарық көрді де, 1915 жылдан аптасына екі рет шығатын болды.

Газет қолдан қолға, ауылдан ауылға өтіп, тозып жетіп жыртылғанша оқылды. Оны сол заманда Дала және Түркістан уалаяттарына немесе 9 облыс және 1 губернияға бөлінген (Қыр баласы. Қазақ. «Қазақ» газеті, 1913 жыл, № 8) Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі жұрт жаздырып алды.

Егер қайсыбір басылым, мысалы, «Қазақстан» мен «Қазақ газеті» немесе «Айқап» негізінен қаржының жетіспеуінен тоқтап қалған болса, «Қазақ» газетінің сенімді демеушілері болғанына мынадай дәлел бар: газет шығып тұрған 1913 жылдың ақпанынан 1917 жылдың соңына дейін оның бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлы сан рет тұтқынға алу немесе айыппұл төлеу секілді түрлі жазаға тартылса, абақтыға жабылған әр жолы бірнеше мың патша рублі мөлшерінде ақшалай кепілдік төлеп босап шығуына тура келетін. Ол заманда мұндай қаржыға «Қазақ» секілді бірнеше газет ұйымдастырып басып тұруға болатын.



"Қазақ" газетінің аптасына 2 рет шыға бастауымен құттықтаған және оқырмандарын басылымға жер-жерден мақалалар, жаңалықтар жазып тұруға шақырған "Қыр баласының" ашық хаты жарияланған 1915 жылғы 8 қаңтардағы 94 саны. .

Әдеби сын

Әдеби сын көркем шығармаға эстетикалық баға беріп, бейнеленген өмір шындығының көркемдік шындыққа қалайша айналғандығын саралайды, оның мән-маңызын түсіндіреді, әдеби өмірдің бүгінгі ерекшелігін айқындап, бағыт сілтейді. Әдеби сынының әдебиет тарихынан бір айырмашылығы ол – бүгінгі шығармаларды талдап, оларға қазіргі кезең талаптары тұрғысынан баға береді. Әдеби шығарманы оқыған адам ол жөнінде өз пікірін, көзқарасын білдіре отыра алмайды. Әдеби сын – оқушыға тура жол көрсететін ақылшы. Сын көне заманда туғанымен, ол көп уақыт авторлардың көркем шығарманы ұнатуы немесе ұнатпауы дәрежесінен аса алмаған. Әдебиеттің жанрлары жіктеліп, өркен жая бастаған сайын Әдеби сынының мақсаты мен міндеті де күшейе түскен. Сыншылдық ой-пікірдің туу, өркендеу тарихы әр кезеңде, әр әдебиетте әр қилы болды. Пушкинге дейінгі орыс Әдеби сыны шығарманың ұнаған, ұнамағын айтудан ара-тұра әсемдік сипатын немесе кемшілік кінәратын көрсетуден әріге бармады. Құлы сыншы Белинский тұсында көркем шығарманың тұтас бітім-болмысына, ой мен образдың бірлігіне, жазушыдың өмір шындығына, заманға көзқарасына назар аударылды. Добролюбов «шыншыл сынды» уағыздағанда, сынның принциптік сипаты айқындала түсті.